

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» ЖОМ

«Бекітемін»
Мектеп директоры
.....М.Пзатуәлева

«Мектебім- мейірім мекені»

2023 ЖЫЛ

1 Сентябрь

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы орта
мектебінде өткізілген
«Мектебім-мейірім мекені»
атты салтанатты жиын тұралы

МӘЛІМЕТ

Іс шара тақырыбы: «Мектебім-мейірім мекені»

Өткізілген орны: Мектеп алаңы

Күні: 1. 09. 2023ж

Уақыты: 9 :00


«Қос – Қорған» жалпы орта мектебінде, «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында 1Қыркүйек – Алғашқы білім күні мерекесіне атап салтанатты іс – шара атап өтілді. Ортаға алғаш рет шәкірттеріне әріп үйретіп, білімнің асқар шыңына жетелейтін ұлағатты ұстаздар бен бүлдіршіндер Құрбанбаев Элдар ағайымыз шәкірттерімен, Құрманбаева Саодат апайымыз шәкірттерімен бірге шықты.



Мереке әнұран мен ашылды. Мерекеде алғашқы сөз мектеп директоры Изатуллаева Мехринса апайға берілді. Мектеп директоры өзінің ізгі тілегін білдірді. Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Қалеке Марат Ержанұлы, Оранғай ауыл әкімшілігінің бас маманы Қалдан Бейбарыс аға және ауыл ақыны Бабажанов Патччахон, ауыл ақсақалы Қасимов Юлдашбай да мерекеміз қонағы болды.



Мереке барысында Әншілер ән айтып, бүлдіршіндеріміз мектеп туралы өлеңдер айтып биші қыздарымыз би билеп көрермендер қошаметіне бөленді.



Алғашқы қоңырау соғу рәсімі, бірінші сынып оқушылары— Асан Хасият, Адилжанова Гулсум, Шавкатов Орифжон, Тажитдинова Жохонгир және бітішуші түлек Сунатуллаев Қадиржан мен Зупарова Лайлоға тапсырылды



Мектеп директоры:
Ұйымдастырушы педагог:
Тәлімгер:

М.И.
Ю.Ж.
Х.Н.

М.Изатуллаева
Ю.Жунашова
Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы
білім беретін мектебі



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.....М.Изағұллева

Тілдер мерекесі

«Мәңгілік ел-мәртебелі тіл»

2023 ЖЫЛ



Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде тілдер мерекесіне орай өткізілген іс-шаралар туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі "Қос-қорған" жалпы білім беретін мектебінде 5 қыркүйек ұлт ұстазы - А.Байтұрсынұлының туған күні, Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне орай "Мәңгілік ел-мәртебелі тіл" тақырыбында он күндіктің ашылу салтанаты өткізілді.

"Тіл-достықтың алтын көпірі" халықтар арасында қарым-қатынас орнату құралы тіл. Оқушылар тіл туралы баяндама оқып, ән мен биден шашу шашылып, тіл туралы өлең оқылды.



"Қос -қорған" жалпы білім беретін мектебінде 14 қыркүйек күні Қазақ халқы тілдері күні мерекесіне орай өткізіліп жатқан мәңгілік ел-мәртебелі тіл " тақырыбында онкүндік жоспарына сәйкес орыс тілі пәні мұғалімдері тарапынан іс-шара өткізілді .Іс-шара барысында оқушылар тіл туралы өлеңдер оқып , әр ұлттың ән билері орындалып, тіл тұралы мақал-мәтелдер айтты.



"Қос -қорған" жалпы білім беретін мектебінде 14 қыркүйек күні Қазақ халқы тілдері күні мерекесіне орай өткізіліп жатқан мәңгілік ел-мәртебелі тіл " тақырыбында онкүндік жоспарына сәйкес өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері тарапынан "Тилга хурмат -элга хурмат " тақырыбында әдеби кеш өткізілді .Әдеби кеш барысында оқушылар өз ана тілінде өлеңдер оқып , сахна көріністер орындады.Қазақстан Халықтары Достығы мәңгілік болсын !



Мектеп директоры

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог

Ю.Жунашова

Тәлімгер

Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 7-қыркүйек Дүниежүзілік денсаулық күніне орай өткізілген флешмоб туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 7-қыркүйек «Дүниежүзілік денсаулық күні»не орай жаппай спорттық жаттығулар орындау өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі кимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі оқушыларды салауатты өмір салтын ұстауға, жеке бас гигинасын сақтауға, дене шынықтырумен спортпен шұғылдануға мектеп партасынан - ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге шақырды. Әр бір азамат спортпен айналысып, әртүрлі спорт секцияларына қатысып еліміздің дені сау, рухы күшті азаматы болып өсулеріне тілектес екенін айтып спорттық жаттығулар жасатты.



Мектеп директоры

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог

Ю.Жунашова

Тәлімгер

Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде «Әдептілік белгісі - іліп сәлем бергені» тақырыбында 2-сынып оқушыларымен өткізілген сұхбаттасу туралы

М Ә Л І М Е Т

Сауран білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде 18.09.2023ж 2-сынып оқушыларымен «Әдептілік белгісі - іліп сәлем бергені» тақырыбында сұхбаттасу өтті. Сұхбат барысында тәлім-тәрбиенің алтын дінгегі, қайнар бастауы әдептілікте екенін, «Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені» деп әдептілік сәлемнен басталатыны жайлы айтылды.

Сұхбат барысында тәлімгер Х.Нарзулла оқушыларға сәлем беру-ізеттіліктің кісіліктің баспалдағы, сәлем беру- сөз бастаудың беташары, сәлем беру- танысып-білісудің, достасудың дәнекері екендігін айтып түсіндірді. Ұйымдастырушы педагог Ю.Жунашова оқушыларға әр халықтың өзіне тән сәлемдесу салты, жөн-жобасы әрқалай екендігін айтып, мектептегі сәлемдесу ережелері жайлы, үлкендерге міндетті түрде сәлем беру керек екендігін айтып өтті.



Мектеп директоры:

Ұйымдастырушы педагог:

Тәлімгер:

М.Изатуллаева

Ю.Жунашова

Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде өткізілген мектепшілік президент сайлауы туралы

МӘЛІМЕТ

Қос-қорған жалпы білім беретін мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып үш оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты.



Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауды мектеп директоры М.Изатуллаева ашып берді және президенттікке үміткер оқушыларға өз даусын берді. Оқушыларға сайлаудың тәртібі жайлы ДТЖО Н.М.Асетова түсіндірді.



Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді.



Нәтижесінде мектебіміздің 10 «А» сынып оқушысы Еркиновна Диляра басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды.



Мектеп директоры

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог

Ю.Жунашова

Тәлімгер

Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде еңбек күніне арналған «Еңбек ардагері-ел мақтанышы» атты сурет көрмесі туралы

МӘЛІМЕТ

"Қос-қорған" жалпы білім беретін мектебінде еңбек күніне арналған "Еңбек ардагері-ел мақтанышы" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге ауылдағы еңбек ардагерлерінен еңбегі сіңген ұстаздар Асетова Маматамин, Мирзаханова Мушарап, Шакарова Сайёра, Мажитова Мунаввар ұстаздардың, Асетова Сапидулла инженер, "Дилмурад" шаруа қожалығының басшысы қызметін атқарған. Бабажанов Паччахан акын, жазушылық қызмет атқарған. Пазлакова Рауза дәрігерлік қызмет атқарған. Давлатов Иззатулла Жамбыл калхоз, Қошқорған коперативінде қызмет атқарған еңбек ардагерлерінің суреттері қойылды.



Мектеп директоры

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог

Ю.Жунашова

Тәлімгер

Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы
білім беретін мектебі



«Еңбек ардагері- ел мақтанышы»

2023 ЖЫЛ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде еңбек күніне арналған «Еңбек ардагері-ел мақтанышы» атты еңбек ардагерлерімен кездесу туралы

МӘЛІМЕТ

21.09.2023ж., Қос-қорған, жалпы білім беретін мектебінде еңбек күні мерекесіне орай "Еңбек ардагері-ел мақтанышы" атты іс-шара ұйымдастырылды.

Еңбек қана адамды ширатады,
Жалқаулықтың камалын қиратады.
Абыройың асқақтап ел ішінде,

Өзгелерге өзінді сыйлатады - дей келе мерекеміздің сыйлы қонақтары Қос қорған ауылының еңбек ардагерлері. Асетов С.Х, Давлатов И.Д, Шакарова С.Н мерекеміздің сыйлы қонақтары болды.



Еңбек ардагерлері өз еңбектерінің қиыншылықтары мен қызықшылықтарын оқушыларға баяндап берді.



Оқушылар еңбек ардагерлеріне атап өлең айтып, биші қыздарымыз би билеп, ән шырқап қонақтарымызға рухани демалыс сыйлады.



Мектеп директоры

Ұйымдастырушы педагог

Ғәлімгер



M. Izatullaeva

Y. Zhunashova

X. Narzulla

М.Изатуллаева

Ю.Жунашова

Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған»
жалпы білім беретін мектебінде
сыбайылас жемқорлыққа қарсы
өткізілген іс-шара туралы

М Ә Л І М Е Т

Қазіргі біздің қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет, бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықты жүгендеуге қоғам болып ат салысуымыз қажет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, метебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда көптеген әр түрлі шаралар ұйымдастырылып жүзеге асырылып жатыр.

22.09.2023ж сыбайылас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою мақсатында 8-9-10-11- сыныптарға Сыбайлас жемқорлықпен күресу жайлы видеороликтер көрсетілді.

Б.Хайруллаев оқушыларға сыбайылас жемқорлық туралы, сыбайылас жемқорлық түрлері, сыбайылас жемқорлыққа қарсы қабылданған заңдар туралы айтып кеңінен түсіндірді. Оқушылар түсінбегендерін сұрап пікір алмасты.



Мектеп директоры

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог

Ю.Жунашова

Тәлімгер

Х.Нарзұлла



Сауран білім бөлімі «Қос-қорған»
жалпы білім беретін мектебінде
1 қазан «Қарттар күні»-не орай
өткізілген кездесу туралы

МӘЛІМЕТ

1 қазан - Халықаралық қарттар күні!

Қарттар күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекөз қарияларымыздың орны ерекше. Аталмыш мерекенің мәні де осында жатса керек.

Мерекеге орай аулымыздағы еңбек ардагері Жунашова Анжир әжемізді құттықтадық. Құттықтауға ДТЖО, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер, жынып жетекші Маметова У. 4"А" сынып оқушыларын алып барды. Оқушылар өлең жолдарын жолдап, ән шырқады. Әжеміз ризашылығын білдіріп ақ батасын берді. Ұстаздар «Қарттар күнімен» құттықтап әжемізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, немерелерінің қызықшылығын көруді тілеп алғыс білдірді.



Мектеп директоры:

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог:

Ю.Жунашова

Тәлімгер:

Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде 5 қазан мұғалімдер күніне орай өткізілген «Дублер күні» туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран ауданы білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде 5 қазан ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыруымен "Дублер күні" өткізілді. Дублер күнін өткізу мақсаты мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты. Дублер күні оқушылар сабаққа ынта-ықласпен дайындалып түрлі тәсілдермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді.

Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар «Дублер күні» алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қиыны мен қызығы туралы өзара пікір алмасты. Бір күн дублер бола отырып, мектеп өмірінің бір күндік тыныс-тіршілігіне араласып оқушыларымыз оң әсер алды. Дублер күніне арналған видеоролик жасалынып әлеуметтік желіде жаряланды.

<https://www.facebook.com/100036095820613/posts/pfbid02K83uG9b8oBBjCw7wAo8tmgj11zJVPc8GUXWnTnTC6KK6pUh4YqwnqJ7eZ4AeCk9JI/?sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V>



Мектеп директоры: М.Изатуллаева
Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова
Тәлімгер: Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы
білім беретін мектебі



«Ұстаз - ұлы есім»

2023 ЖЫЛ



$\frac{z^2 + 1}{a - b}$
 $3a + 2 = 5ab$
 $\frac{2x - 1}{4 - x}$
 $\frac{a + b}{c}$
 $\frac{2x + 3y}{y}$

$2x - 17x = -15x$
 2
 $\frac{x - x^2}{x}$
 $\frac{x^3}{(x-1)}$
 $= mc^2$
 $x = xy^2$

Сауран білім бөлімі «Қос-Қорған» жалпы білім беретін мектепінде 5 қазан ұстаздар күніне орай өткізілген іс-шара туралы

Мәлімет

5 қазан күні "Қос-қорған" жалпы білім беретін мектепте ұстаздар күніне орай оқушыларға білім мен біліктілікті ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу, ұстазды құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу мақсатында тәлімгер Х.Нарзулла мен педагог-ұйымдастырушы Ю.Жунашованың ұйымдастыруымен «Ұстаз - ұлы есім» атты мерекелік іс-шара өткізілді.



Мектеп директоры М.Изатуллаева сөз сөйлеп барлық ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Ардагер ұстаз Шакарова Сайёра апай кешіміздің қонағы болды. Өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын білдірді.



Ұстаздарымызға оқушыларымыз ән-жырдан шашу шашып, "Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов" тың қазақ әліпбиін қалай жазғандығы жайлы сахналық қойылым қойып, көрермен көңілінен шықты.



Мерекелік іс-шара әлуметтік желіге жаряланды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0375DXqTyjmVVuX2hzw2CW2s4LbomNg9N2KRDFqT1mswxwqzWcPXY71cCG2AmQ9UwLI&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f

Мектеп директоры:  М.Изатуллаева
Ұйымдастырушы педагог:  Ю.Жунашова
Тәлімгер:  Х.Нарзулла



Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде «Күз көріністері» тақырыбында өткізілген сурет байқауы туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 10.10.2023ж күні «Күз көріністері» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Сурет байқауын өткізудегі басты мақсат оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, табиғатты аялауға үйрету. Сурет байқауына 5,6,7-сынып оқушылары қатысты. Байқауға Ғ.Егембердиев және Д.Файзуллаевалар әділқазы етіп тағайындалды.



Байқауға қатысқан барлық оқушылар күз мезгілінің ерекше көріністерін қағаз бетіне бейнелей білді. Әділқазы алқалары суреттерді іріктеу барысында салынған суреттің сапасына яғни, суретті түстерді үйлестіріп бояуына, сурет салу қиялына қарай бағалады. Әділқазы алқаларының шешімі бойынша «Күз көріністері» сурет байқауының жеңімпаздары 6 «А»-сынып оқушысы Хабибулла Шадияна –I орын, 7 «Б»-сынып оқушылары Алханова Клара және Зияшова Аида II орын, 6 «А»-сынып оқушысы Мухитдин Фарангиз III орынға ие болды.

Мектеп директоры:

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог:

Ю.Жунашова



Сауран білім бөлімі
«Қос-Қорған» жалпы
білім беретін мектебі

«Бекітемін»

Мектеп директоры:
.....М.Изатуллева



«Күз береке бастауы»

күз туралы
өлеңдер сайысы

2023 ЖЫЛ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде «Күз береке бастауы» тақырыбында өткізілген өлең байқауы туралы

МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі, "Қос-қорған" жалпы білім беретін мектебінде 12.10.2023ж күні "Күз- береке бастауы" тақырыбында 3-сынып оқушылары арасында өлең байқауы болып өтті. Күз-береке бастауы, молшылық мезгілі. Еңбектің қадірін білген қазақ халқы күзді ырыс- береке деп ерекше қадір тұтқан. Ақын-жазушыларымыз да күздің қасиетін жырлап отырған. Оқушылар ақын-жазушыларымыздың күз туралы өлеңдерін айтып сайысқа түсті. Сайыстың басты ережелері

1. Ақындардың өлеңдерінен тақырыпқа сай бір шығарма болу керек.
2. Өлеңнің тақырыбы айқын болуы шарт.
3. Өлең жатқа әрі мәнерлеп оқылуға тиісті (сахнаға кітап немесе қағаз - парақшалармен шығуға рұқсат етілмейді).
4. Өлең оқыған оқушының жүріс - тұрысына, сахнадағы мәдениетіне, дауыс мәнері мен ырғағына назар аударылды.



Оқушыларға үйге тапсырмаға икебана немесе аппликация жасап келуге берілген. Оқушылар өздерінің қолмен күз мезгіліне байланысты жасаған аппликация және икебаналарын қазылар алқасына көрсетіп қалай жасағандарын баяндап берді.



Әділқазы алқалары әділ бағаларын беріп ,шешімін шығарғанша 3 «Б»-сынып оқушылары «Күз тамаша» әнін орындап, 3 «А»-сынып оқушылары «Жаңбыр тамшылары» биін биледі.



Әділқазы алқаларының шешімі бойынша бас жүлдені 3"А"-сынып оқушысы Э.Анарбаева иеленді, I орын Ш.Дадажанова, II орын З.Сапидуллаева, III орын М.Сапидуллаевалар иеленді. Сайысқа қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары берілді.



Мектеп директоры

Ұйымдастырушы педагог

Тәлімгер



М.Изатуллаева

Ю.Жунашова

Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде «Сыбайылас жемқорлық деген не?» тақырыбында өткізілген сауалнама туралы

МӘЛІМЕТ

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі-сыбайылас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау. Саналы ұрпақты жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу мақсатында Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 16.10.2023ж күні мектеп оқушыларынан «Сыбайылас жемқорлық деген не?» тақырыбында сауалнама алынды.

Мектеп оқушыларының арасында алынған сауалнаманың нәтижесі бойынша біздің мектептің оқушылаының барлығы (100%)- сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болмаған, оқушылардың барлығы жақсы баға алу үшін мұғалімге сыйлық бермедік деп жауап берген. Бұл дегені біздің оқу орнымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан деуге болады.



Мектеп директоры:

М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог:

Ю.Жунашова

Тәлімгер:

Х.Нарзулла

